Кемел ТОҚАЕВ – Алматы облысының Қаратал ауданында туған. Ұлы Отан соғысының ардагері.

1948 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттері редакцияларында жауапты қызметтер атқарған. 1960–1977 жж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Ведомостарының» бас редакторы боп істеген, 1980–1984 жж. Қазақстан Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі болған. Кеңес чекистері тақырыбына арналған оннан астам кітабы қазақ және орыс тілдерінде басылып шықты.

«Қызыл комиссар», «Қылмыскер кім?» және «Сиқырлы сырлар» деп аталатын пьесалардың да авторы.

Ұлы Отан соғысының I және II дәрежелі ордендерімен, екі мәрте «Ерлігі үшін» медалімен және басқа көптеген медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен, КСРО Ішкі істер министрлігінің Құрмет Грамотасымен және омырауға тағатын арнаулы белгісімен марапатталған.

ЖҰЛДЫЗДАР АЛЫСТАҒАН САЙЫН АЙҚЫН КӨРІНЕДІ

Эссе

Қоғабай СӘРСЕКЕЕВ,
жазушы

Естен кетпейтін бір бейнелер болады. Мен үшін сондай бейнелердің бірі жазушы Кемел Тоқаев.

Кемкең – Кемел Тоқаев – табиғатынан адам-ақ еді-ау. Өмірде қарапайым, тұрмыста да солай, өзі әсте асып-сасуды білмейтін маңғаз кісі еді. Бұл жалғандағы тұрақтылығын айтпайсыз ба, жұмысты да бір жерде орнықты істеуді ұнататын. Еңбек жолын республикамыздың мерзімді баспасөзінде – газет журналдарында бастаған ол ұзақ жылдар бойы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің аппаратында, соның аударма, құжаттар шығаратын ведомствалық бөлімін басқарады. Кейін Қазақстан Жазушылар одағында қызметші болып істеді. Университет қабырғасында оқып жүрген кезден біле бастаған аға бізді бауырына жақын тарта жүрді. Еркін дейтін жамағайындау інісі болды – әуелде сол арқылы таныссақ та кейін екеуміз тонның ішкі бауырындай боп кеттік. Ол аға, мен іні. Біздің бұндай жақындасуымызға жазу-сызу өнері себеп болды ғой деймін. Алғаш жаза бастаған кезімде ақыл-кеңесін аяған жоқ, жұмыска да біраз тартты-ау, тіптен Москваға да жіберіп алды, Алматыда өзінің қарамағына жұмысқа алды. «Сіздерде тәртіп қатты екен, есік алдында өңкей қызыл жағалы кісі еміне-еркін кіріп-шыға алмайды», дейтінмін, аға күліп алады. Сөйтіп жүріп аға көп нәрсеге үйретті ғой – бильярд, шахмат, дойбы, т.б. ойындарының не бір түріне баулыды-ақ.

Өмірде қарапайым, маңайы жайлы Кемел ағаның ғұмыры бір жұмбақ. Кішкентайынан балалар үйінде өскен ол өте бауырмал жан еді. Жеңгеміз Тұрар да өзіне сай, кісіні алалау дегенді білмейді. Ағаның үйі ақжайлау, талай сайранды, дәуренді күндер мен түндер өтті ғой. Қасымжомарт, Бақтыбек (Бақыт), Қарлығаш (Салтанат), Ләйлә сияқты балалары қолымызда өсті, жақсы, тәрбиелі өсті. Еңбекқор жазушы, кісіге жала жаппайтын аға өнегесі, иә, есте. Ол әсте асып-саспайтын кісі еді, табандылығы бір бөлек. Орынсыз мақтан, бостан босқа кісімсу дегенді білмейтін. Өтірікпен жаны қас-тын. Бірінде «Қазақ әдебиетінің» тапсырысымен Кемел ағаның творчествосы туралы жазуыма тура келді. Тақырыбын «Тың тақырып табиғаты» деп қойдым да жазу столына отырдым. Мақала сол творчестволық бірлікте жақсы жазушының творчествосына зор ынта қойып жүрген кездерде жазылып еді. Оқушы қауымға бұрын «Тасқын», «Көшкен үйдің қонысы қайда?», «Көмескі із», «Арнаулы тапсырма» сияқты тартымды повестер мен әңгімелер берген жазушы Кемел Тоқаевтың және бір кітабы сол тұста қолымызға тиді. Кітап «Түнде атылған оқ» деп аталған-ды.

Оқ неге атылған? Түн тыныштығын бұзған кімдер?

Чекистердің, милиционерлердің өмірін творчествосына негізгі арқау етіп жүрген жазушы бұл жолы да өзінің қалаулы тақырыбынан ауытқымаған екен. Әңгіме болғалы отырған жинағына «Қастандық», «Түнде атылған оқ» дейтін екі повесті кірген. Екі повесте де заң орындарындағы интеллигенция өмірі бүгінгі замандастарымыз – халық қорғаны танылған милиция қызметкерлерінің қоғамға жат алаяқтардың қылықтарын әшкерелеудегі ерліктері сөз болады.

«Қастандық» повесінің басталуы қызық. Тапа-тал түсте, ел аман, жұрт тыныш та Петрушкин деген біреу бәлен жыл отасқан кемпірін жоғалтып, қылмыстыларды іздеу бөлімінің бастығына келгіштеп жүр. Келген сайын «Кемпірім көз алдымда ғайып болды», деп мұңаяды. Ауыр күрсініп, қалтыраған қолымен сақалын сипайды. Кембағалдығын айтып бұлығып сөйлей алмай, көз жасын төгеді. Сонда Петрушкин кемпірінің өміріне қастандық жасаған кім? Осындай шытырман уақиғаны алға тартқан автор ендігі сәтте милиция қызметкерлерінің қырағылығын бірінші кезекке шығарады.

«Қастандық» повесін автор 1965-1969 жылдар арасында жазғанын ескерткен. Жазушының шағын повеске төрт жыл жұмсауы – жақсы мінез. Осы уақыттар іріктеуге, уақиғаға байланысты кейіпкерлер бейнесін сомдай түсуге мол мүмкіндік болған. Сондай тың ізденістерді майор Кузьменко, милиция полковниті Дайыров, кіші лейтенант Майлыбеков бейнелерінен байқау қиын емес. Майор Кузьменко болса, әр іске байыптен қарайды. Тереннен барлап, ой түюге шебер, асығыс шешімге жаны қас. Дайыров бейнесінде де іскер басшының кейіпі бар. Ал жазушының Талғат Майлыбаевқа деген ықпаты зор: «Майор Кузьменко Майлыбаевпен алғаш кездейсоқ таныскан еді. Оқиға өткен күзде Малая станица жақта болды. Бір көршілер электр сымына асылып өлген әйелді көріп милицияға хабарлайды. Сот прокуратура органдарынан бір топ сарапшылар жиналады. Ұзақ тексереді. Бөтен біреудің қасастық қылмыс белгісін таппайды. Үй-мүлкі тоналмаған. Әйелдің спирт ішімдіктерін мөлшерден тыс пайдаланғаны анықталады. Осыған қарап: «Әйел өзі асылып өлді» деген қортындыға келеді. Талғат заң факультетінде мемлекеттік емтихан тапсырып жүрген. Ол рұқсат алып, істі қайта тексереді. Ұзақ іздену, фактілерді салыстыру үстінде қылмыстың бетін ашады. Шамадиновтың бұзақылар тобы әйелдің он мың сом ұтыс шыққан 3 проценттік ішкі ұтыс заемын алу үшін оны әдейі өлтіргенін анықтайды. Сонда облыстық милиция басқармасының бастығы полковник Дайыров бүкіл қызметкерлердің алдында Талғаттың қолын қысқан...»

Бір қарағанда, Талғаттың әлгіндей істі қайта тексеріп, қылмысты ашуы үйреншікті жайт сияқты. Бірақ, үңіле қарасақ, бұл істе үлкен мән бар. Оның азаматтық парызбен астасып жатпасына кім кепіл?! Милиция беделі деген де осындайдан жинақталып жатса керек қой. Сәтті шегініс, ұтымды деталь, публицистикалық жалын көркем әдебиетке ауадай қажет десек, ол шартты автор керекті жерінде шебер пайдаланып отырған.

Ф.М.Достоевскийдің: «Мына бір өсиетімді есте сақтаңдар: ешбір оқиғаны, ешбір қақтығыс-шиеленісті ойдан шығармаңдар. Өмірдің өзінде не бар соны алыңдар. Өмір біздің ойдан шығаратынымыздардың бәрінен де бай. Кәдімгі, күнделікті өмірдің беретінін ешқандай ой-қиял бере алмайды, өмірді құрметтеңдер», – деген сөзі осы тұста еріксіз ойға оралады. «Қастандықта» да, «Түнде атылған оқ» повесінде де қоғамымызға жат, өмірімізге қастандық жасаушы алаяқтардың документальды кейіптеулері аталмыш шығармалардың қасиеттерін айқындай түскен. «Қастандықта» Джон Дрейер деген шетелдік турист бар. Бұл туристің шығармада көтеріп жүрген жүгі аз емес. Ол әуелгі үйде «чемодан ұрланды», деп жар саған. Милиция орындарына арыз беріп, онда: «Ұрлық жасаған адамды өзінің кінәламайтын, мұны ол жоқшылықтан істеуі мүмкін екенін, сондықтан жоғалған мүліктің бағасын доллар есебімен қайтарса, соған риза екенін білдіреді». Сөйтіп, өзінің сұрқия әрекетін бүркемелей тұруға, бөтен елге жалған жала жауып, іздеп келген Петрушкин сияқты сілімтік сыбайласының қанышпезерлік қылмысының ізін жоғалтуға тырысқан.

Ф.Энгельс: «Жауды суреттегенде оны жек көре отырып, жер-жебіріне жете жазу керек», деген екен. Америка Құрама Штаттарынан келген турист, 49-шы штаттың тұрғыны Дрейер хақында жазушы осы принципті ұстанған. Бір мысал: «Кузьменко оперативтік қызметкерлермен сөйлесе жүріп, бұл адамның бар кимылын талмай бақылаған.

Енді Петрушкиннің өзіне келелік. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті соғыс кезінде ауыр қылмыс жасаған опасыз, сатқын Андрей Алексеевич Петрушкинді ұзақ іздестірді. 10-а СС зондер-командасы 1942 жылы Қырымның бейбіт халқын қырып, сонан соң Мариупольде, соның артынша Ростов облысында болып, кейінірек Дондағы Ростов қаласында сан мыңдаған елді мекендерді өртеп жайпаған. Сол командада Штерн деген біреу қызмет атқарған, жүздеген адамдарды өз қолымен өлтірген. Қауіпсіздік органдарындағы мәлімет бойынша анықтай келгенде, ол Петрушкин болып шығады. Ал Джон Дрейер осы Петрушкинді әдейі іздеп келген байланысшы еді. Петрушкин біздің өкіметімізге қарсы листовкалар таратуды көзделі. Кемпірі Матрена Онуфриевна листовкаларды қалаға тартуға жұмсайды. Ол бас тартып, күйеуінен мұндай жауыздық істеген бойын аулақ салуды талап еткенде, Петрушкин оған дәрі искетіп есеңгіретіп, басын балтамен шауып тастайды. Повеске осы жайт арқау болған.

Шығармада басқа да жағымсыз кейіпкерлер ұшырасады. Олар: іші тар, мансапқор, тек қана өз қара басын ойлайтын өзімшіл – Байкин, әйтеуір қара көбейтіп жүрген милиция капитаны Карпов, оны көрсе оны сақ, мұны көрсе мұны сақ жайдақ әйел Глафира, ұрдажық Хакімдер. Бұл образдардан оқушы жиренеді.

Кемел Тоқаевтың «Түнде атылған оқ» повесінің де негізгі арқауы – милиция өмірі. Мұнда да олардың тынымсыз ерлігі, қырағылдығы алдан шығады. Шекара шегін бұзған жат елдік тіміскі әрекеті бой көрсетеді. «Түнде атылған оқ» – «Қастандық» повесінің заңды жалғасы. Мұнда да Талғат жүр, Нәсір бар. Бір повестен екінші повеске ауысканда олардың образдары терендей, характерлері ашыла түскен. Жау әрекеттеріне қарсы тор құру, олардың ізін кесуге мол тәжірбие жинақтаған, кемелдене өскен.

Бір құптарлық нәрсе автор қай шығармасына да халықтар достығын, олардың жанкияр еңбегін, бірлік татулығын арқау етеді.

Осындай сюжет желісі ширақ екі повестің ең бір айта түсетін жағы тілінде ме, деп қалдық. Көркем шығарма дегеніміздің өзі сөз өнері десек, оны қадірлей білгеніміз жөн болар. Ғабит Мүсірепов: «Жазба сөз – бір өңкей әскер легі де емес, қой-сиыры аралас шұбаған көш те емес, теңіз толқыны да емес, жайнап тұрған бақша да емес, өмірге түгел ортақ ой-сезімді дәлірек те толығырақ бере алатын тіл байлығы. Бұл байлықты қалай болса да солай пайдалану болашақ үшін үлкен киянат», десе, бұл – мәдениетті ел өкілі болам деген жазушыға өнегедей нақыл. Кітапта осы жағы қатаң ескерілген. Шығарма тартымды оқылады.

Кемел Тоқаев шығармаларының жанрлық ерекшілігін сөз еткенде, осы жерде айта кететін бір жайт, заң орындарындағы интеллигенция өмірінен, милиция қызметкерлерінің тұрмысынан жазылған проза – қазақ әдебиетінің жетпісінші жылдардағы елеулі жаңалығы. Жаңа тақырыпқа бет бұруымыздың өзі, жаңа қалыптасып келе жатқан әскери патриоттық тақырыптың өміршеңдігі, идеялық-көркемдік дәрежесінің сапасы, ең алдымен, қаламгерліміздің ой-өрісіне, өзі жазып отырған тақырыпты қаншалықты игере білулеріне байланысты. Прозамызда, – Ғабит Мүсірепов айтқандай, – әскери жанр сияқты үлкен де жаңа бір тарау қосылса, ол тарау, өз заманымыздың тақырыбындағы темір қазықтай, ортадан ойып орын алса, әрине үлкен мұрат. Гәп, соны баптай білуімізде, жетістік-кемшілігін талдай айтуымызда қалып отыр. Әйтпесе осындай күрделі, тәрбиелік мәні зор патриоттық тақырыпқа қалам тербеген Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Әди Шәріпов, Тоқтағалым Жанкелдин, Кемел Тоқаев сияқты жауынгер жазушыларымыздың творчествосына зер салу неге назардан тыс қалып жүр? Олардың оқиғаларын сұрыптау, детальдарды ойнату, штрих сәтін табу шеберліктерін, тіл көркемдігін талдап әңгімелеу қазақ әдеби сынының иті бір ісі емес пе? Өкініштісі сол, бұл жазушылардың аты-жөндері, шығармалары, көп тізімнің көлеңкесінде қалып қояды. Бұл бұл ма, кейде осындай тақырыптарға батыл барып жүрген қаламгерлерімізді елемеу, тіпті «екінші сорт» жазушы көру сияқты тенденциялар да кезінде кездесіп қалатын. Сол әдет қазір де бар. Жасырмай айтқанда, бізде бір «тізімдер» болды. Ал бұл «тізімдерді» кім жасаған, ол да тасадағы әңгіме. Мұның кесірі әрине әдебиетке тиді, есте жүрер нәрсе осы! Атақты «сыншыларымыз» еңбектерін сұрыптағанда осы жағын ескеру де керек болады.

Рас, бүгін біз әңгімелеген тақырып төңірегінде де ойласар жайымыз, көп болып көтерер жүгіміз баршылық. Әскери-патриоттық тақырыптағы жазылған шығармалардың маңызы мен құндылығын, тәрбиелік мәнін насихаттап тұру да парыз. Қай жазушының болсын жеткен биігі, шеберлік мектебі алған тақырыбының қаншалықты игергендігімен өлшенетіні белгілі. Бір жанрда үзбей қалам тербеп өткен Кемел Тоқаевтың қадамы да құптарлық еді ғой. Жазушының жаңа повестері бізге кезінде осындай жағымен жақсы әсер қалдырған-ды. Сол әсер қазірде сол қалпында. Екіншісі осындай жанрды жалғастыру жағы әдебиетімізде әлі кемшін. К.Тоқаев ізбасарлары қазақ әдебиетіне керек-ақ. Әйтпесе бізде дәл бүгін жемқорлық аз ба, қылмыс азайды ма, әлде патриоттық тақырып жоқ па – жоқ, бар, айт-айт, Кемел Тоқаевтай жанр сырын ұққан қаламгерлер кемшін.

Кемел ағамен бірге жүрген күндер әрине естен кетпейді. Қызылордада өткен қазақ әдебиетінің күндері, Кербұлақ, Кеген, Нарынқол сапарлары, демалыс үйлеріндегі үздіксіз ұшырасулар бір тарих. Бірінде Талдықорғанға бардық. Осы сапарда ағаның ақтарыла бір сыр айтқаны бар. Өзі Түркістан балалар үйінде тәрбиеленіпті. Сонау бір зобалаң жылдарда әке-шешеден ерте айырылған. Қытай шекарасында ауыл көшіне оқ атылып, әке-шешеден, жақын-туыстан ажырап қалады. Үйелмелі-сүйелмелі Қасымжомарт пен Кемел, он-солын әлі танып болмаған ағалы-інілі қос жетім әлдекімдердің көлігіне ілесіп Түркістанға жетеді. Тағдырды қараңыз, сонда өлмешінің күні каз тұрып кеткен Дүниежүзілік екінші соғыс басталғанда әскерге алдымен ағасы Қасымжомарт ілігеді, кейін өзі де алынған. Сол соғыста Қасымжомарт мерт болады да оралмайды. Кейін елге аман-сау келген соң Кемкең кеш те болса университетке түсіп, үй-жайлы болды. Тұрар жеңгемізбен отасып, балалы болғанда тұңғышының атын Қасымжомарт қойыпты. Қазақта осынай салт бар, ат жоғалмау керек, майданда шәйт болған қыршын жастың есімі өшпей аталып жүру керек... Соғыс дегеннен шығады, Кемкең майданға барғанда жаралы болғанын көп айта бермейтін. «Жә – деуші еді ол,– бұл соғыстың несін айтып дәріптейміз, бір сөзбен қазақка келген нәубат десек болады, қолына мылтық ұстап көрмеген не сан қыршынды апарып қырып салды емес пе? Соғыс біткеннің бәрі әділетсіздік?» Ол тұнжырап барып сөзін жалғайтын. Қаскең (Қасым Қайсенов) жайлы айтқанда жанып түсетін еді. «Нағыз қаһарман деп Қасым Қайсеновты айту керек. Партизан-жазушымен Украинаға еріп барғанымда тіпті таң қалдым. Айлап жүрдік. Қаскең соғыс жылдары кезген майдан даласын араладық. Қаскеннің қадірін біз – қазақтар әлі білмейді екенбіз, украиндық достары, сол елдің еркек-ұрғашысы Қаскең-Жора дегенде ішкен астарын жерге қояды. Қасым Қайсенов – олардың қас батыры! Әттең дүние, қолымда билік болса Қасым Қайсеновке батыр атағын бүгін-ақ бере салар едім, ол оған тұрады ғой, азаматтар!» деп бір қоятын да, өзінің Қасым Қайсенов жайлы киносценарий жазғанын айтып кететін... Оның бұл сөзінде көп мағына жатушы еді-ау. Кейін жақын араласа жүріп Қаскеңдей партизан-жазушыны жақсы таныдық. Барынша жаны таза ағамыз Кемкең айтса айтқандай, Қаскеңнің шын батыр жан екен. Жазғандары қандай! Онымен болған әр кездесу сәті бір қуаныш, естен кетпейтін оқиға. Әттең Кемел ағамыз көрмей кетті, кейін Тәуелсіздік келгенде Қасым Қайсенов Халық Қаһарманы атанды, алты алаштың сүйікті перзенті болды. Бәрі Тәуелсіздіктің арқасы-ау, бақ жанды, батырдың еңбегінің ақталғанына, қан майданда төккен терінің зая кетпегеніне шүкіршілік етеміз. Ештен кеш жақсы!

Жол әңгімесі қызық келеді, үзік-үзік. Бір сапарда Кемкең баласы Қасымжомарт туралы сөз қозғап кетті. Сол тұста Қасымжомарт Мәскеуде оқитын. Бірінде ол мектептің соңғы сыныбында оқып жүрген оқу озаты баласының қолына Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романын (орыс тіліндегісін) ұстатыпты. «Оқы, көр, таныс, содан кейін сөйлесеміз!» деген. Біраз уақытқа дейін мазаламапты. Тек кейін қолы бір селт еткенде: «Балам, қалай тапсырманы орындадың ба?» деп сұрайды. Ол кітапты оқып шыққанын, қатты әсер алғанын айтса керек. Кемкең: «Сен маған кітаптың мазмұнын емес, өзіннің осындай кітаптан қандай нәр алғаныңды айт!» – дейді. «Не алдым – бұл кітапта қазақ халқының кезеңді тарихы жатыр, қайсысын айтуға болады?» Баласы ұзақ ойланып отырып қалыпты, Кемкең және сұрақ қояды. «Қай бейне ұнады?» деп. Баласы: «Әрине! Абай!» деп жауап беріпті. «Жоқ, дейді әкесі үзілді-кесілді. – Рас, романда Абай бар қырынан көрінеді. Жақсы-ақ сомдалған. Әйтсе де сен шығарманың мәнін әлі жете түсінбеген екенсің. Затында тұпнұсқадан оқысаң ғой, әттең дүние, біз сендерге теріс тәрбие беріп келіппіз. «Дүниенің кілті орыс тілінде» деп жүріп бесік тәрбиесін ұмыт қалдырыппыз. Иә бәріне уақыт кінәлі, шіркін ана тілі!» – деп ауыр күрсінеді де «Абай жолын» және бір оқып шығуына кеңес береді.

Ақырында әкелі-бала романның түп қазық желісін тапқандай болыпты. Ол тәрбие екен. Құнанбай мен Абайдың бірінші кітап соңына қарай кездесетін сәті қандай ғажап және қандай аянышты. Құнанбай Абайға: «Сенің басыннан үш түрлі мін көремін. Соны тында!» – дейді ғой. Абай: «Айтыңыз, әке!» дейді. Құнанбай: «Ең әуелі, арзан мен қымбаттың паркын айырмайсын. Өзіндегі барынды арзан ұстайсың. Бұлдай білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке асылынды шашасың. Жайдақсың! Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. Екіншісі, дос пен қасты сараптамайсың. Доска досша, қаска қасша қырың жоқ. Ішінде жатқан сыр ұшығы жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басына ел үйірілмейді. Үшіншісі, орысшылсың. Солай қарай деп қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсін!» – демеуші ме еді. Жұртшылық Абайдың әкесіне берген жауабын біледі ғой, баласы Абай жағында болғанында, әкесі Құнанбай жағына шығыпты. Кемкең «Мұқаң – Ұлы классик жазушы – бұл тұста «социалистік реализм әдісіне» көшкен, Европа әдебиетіне еліктеп, әке мен бала арасын идеялық қайшылыққа ұрындырады, жаңа мен ескі көзқарасты замана ағымына сай сомдаған, қай қазақтың баласы әке бетінен алған! Дәл осы жерде Абай үнсіз қалғанында ұтар еді...» деп, бой бермегенін айтып, менің пікір қосуымды білгісі келетінін жасырмады. – Сонда кімдікі дұрыс? – дейді. Мен де Кемкең жағына шықтым. – Роман сөз жоқ, әлемдік деңгейде жазылған шығарма. Әуезов әлемі – тұтас бір тылсым дүние. Шіркін, мұрсаты болғанда Мұхаң Құнанбай туралы жазар ма еді, – дей бергенімде Кемкең: – Бәсе, – деді, – мен де солай ойлаймын! Ол Алаш Арыстарының ішінен Міржақып Дулатов пен Мағжан Жұмабаевтың шығармаларына көп үнілетін еді. Мағжанның «Жатыр» дейтін өлеңін ыңылдай айтып жүретін. – Иә, мұндай әңгімелеріміз көп болушы еді. Бәрі жарасымды еді-ау... Өмір күнде той емес, несін жасырамыз, Кемкеннің жүдеген тұстары да аз болмады. Соңғы романы қиынға түскені есте. Көркем шығарма болғасын оның кейіпкерінің тағдыры да әртүрлі келері анық. Әдеби бейненің өмірден алынатыны белгілі. Шығарма кейіпкерінің кей тұста нақты аты аталады, жағымды-жағымсыз образдар дегендер бар. Осы ретте бояуы қалыңдау шыққан жағымсыз бейне ұрпақтары табылып, кейбіреуінің жазушы үстінен арызданғандары да болды. Мұндайды қалт жібермейтін үш әріптің қызметкерлері де табандылық танытты ма, Кемкеңді едәуір сілкіледі. Тіптен лауазымды адамдар араласып, құрыққа сырық жалғап жұмысынан да қуды. Бірақ соның бәріне Кемкең төтеп берді, соның алдында қасқая тұра білді. Жүдемеді, жүнжімеді. Қаламгер қайсар мінез танытты.

– Кеттік дейтін ол сондайда, Мағжан ақын айтқандай:

Дау-жанжал ел арасы толып жатыр,
Өзара талас-тартыс болып жатыр, – деп, енді ол өзінің саяжайына бастайтын.

Үйдегі мәжілістерде көбіне-көп Кемкең мені дастарханның асабасы етіп қоятын да, соған өзі мәз боп отырушы еді.

Кеш ұзаққа созылатын. Осындайда преферанс сызып жіберетін сәтіміз де болатын. Кемкеңнің шахматқа әуестігі әсте бөлек еді-ау, ол жеңілу үшін емес, жеңу үшін ойнайтын. Біздің жарасты отырысымызға Тұрар жеңешемізде шат шадыман қуанатын. Жымиып қана күліп қойып, шәйін қайта демдей беруші еді...

Қасымжомарт мектеп бітіріп, Мәскеуге оқуға жүргелі жиналғанда өзінің жақсы көретін досы Мүсілім Базарбаевты телефонмен шақырып тұрып:

– Мүсеке, Жомарт (Қасымжомартты Кемкең еркелете Жомарт дейтін) бүгін Мәскеуге жүргелі тұр, соның тоқымқағарын жасайық, мына Байкең (Баймұрза Дәуренбеков), тағы басқа жігіттер жиналып қалды, Тұраш дастархан жайып жатыр, тез жет, бәрін ырым көріп, сендердің жолдарыңды берсін деп, өзінің Волгаңмен аэропортқа барсақ деп шештік, шопырдың институт директоры, ғылым докторы болғаны жаман ба, – дегені бар. Көп кешіктіп Мүсекең де жетті. Сол жолы әдемі бір отырыс болды. Асаба Баймұрза ағамыз, кәнігі жорналшы, дастархан мәзірін желдірте, көңілді жүргізді. Жұрттың бәрі көңілді. Жақсы тілектер молынан айтылды. Ақ жолға – ақ бата дейтіндей, жарасымды бір кеш өткені әлі есімде.

Үйден шыға бергенімізде жауын құйсын-ай келіп...

Бірақ күн тез ашылды. Нұр жауып өтті. Алматы ауасы тазара түсендей, төңіректің бәрі сыланып түрлене қалған.

Аэропортқа келсек, самолетке тіркеу басталып кетіпті. Сол жерде академик Салық Зиманов ағамыз кездесе кетсін. Кемкең қатты қуанды.

– Баламның жолы болады екен, – деді ол. – Сәке, мына Жомартымды өзіңізге тапсырдым, сіздей зиялы, ғұлама ғалымның ұшырасуы бір ғанибет, тәуекелге шығып тұр ғой. Сәбеңе бір кемеде сапарлас болатын болды, сенді беті қабыл! – Кемкеннің қуанышқан аздап босағанын мен бірінші рет көрдім. Салық ағамыз да екі сөзге келген жоқ.

– Талапты жасты алыс жолға бастау да бір абырой, қалауыңыз болсын, самолеттен түскесін жол көрсетіп жіберу қиын шаруа емес қой, айтпақшы, бұл бала қай оқу орнына бағыт алып барады? – деді жүзінен нұры төгіліп тұрған ғалым Кемкеннің баласы Жомартқа қарап:

– Патрис Лумумба атындағы Халықаралық Достық университетіне! – деді Кемкең.

– Тіл жағы қалай еді?

– Шүкіршілік деуге болады! – деді Мүсілім Базарбаев сенімді түрде әке орнына жауап беріп. – Ағылшынша судай, баламызға сенеміз!

– Онда жарады! – деді Сәкең жайдары қалпымен жымиып. – Бұл баланың бағыт алып бара жатқан оқуы – болашақтың оқуы екен, бәсі қабыл, талабына нұр жаусын!

– Әмин, айтқаныңыз келсін, аузыңыз дуалы еді! – деген Кемкең Салық ағаға сүйсіне ризашылығын білдірді. – Әйтеуір талап етіп барады...

– Ал енді жолдарыңыз болсын! – деді Мүсекең. – Университет адресі Жомарттың қалтасында, қай метромен баратынын түсіндірдік...

– Жә, – деді Сәкең қашанғы асып-саспайтын биязы қалпымен, – бара көрерміз, адаспаспыз...

Ұзамай ұшақ көкке көтерілді.

Содан бері де көп жыл өтті. Қазір Кемел ағамыз да, Тұрар жеңгей де дүниеден өтті. Көңілдегі бар демеу – орнында бар оңалды. Бір кездегі кішкене Қасымжомарт үлкен жігіт болды, алыс жерде оқуын бітіріп, ысылып дегендей, біраз жылдар сырт жерде жұмыс істеп, елге оралды. Бүгінде айтулы азамат! Республика Парламенті Сенатының төрағасы. Кемкеннің басқа балалары да шүкіршілік, сау-саламат, әртүрлі жұмыста, білікті мамандар болып жүріп жатыр. Әке, шеше абыройы деген осы! Әйтеуір ата-анаға сөз келтірмей, тіл тигізбей өтудің өзі көргенділікті танытса керек, ұрпақтың таза болғанына ештене жетпейді. Кім-кімнің де армандайтын бұл басты арманы! Өз басым қызметті, не бір лауазымды емес, адамгершілікті сыйлайтын адаммын, сондықтан жақсының ұрпағы да жақсы болса екен деп тілеймін, қабыл болуы Тәнірден, бәрін бір Алла біледі ғой...

Қазір Кемел ағаның арамызда өзі болмағанымен оның рухы бар, шығармалары халқымен бірге жасауда. Ол соңына мол мұра қалдырған жазушы. Жақсының аты өлмейді. Жазушының шығармалары шығып жатса, оның есімімен мектеп, кітапханалар, жазушы өскен өңірдегі елді мекендерге К.Тоқаев есімі берілсе, көшелер қаламгер атымен аталса, тиісті жерлерде тақталар мен ескерткіш бейнелер қойылып жатса бұған да құбанқұп дейміз, бәрі дәстүр, сый-құрмет. Бұлай құрметтеп, әспеттеуге Кемел Тоқаев есімінің тұратынына шүбә келтірмейік. Болашағы бар ел жақсысын есте ұстайды, әспеттейді. Кемкең соған тұратын асылдарымыздың бірі еді, ол шын мәніндегі жақсы аға еді. Бүгін біз жазушының 90-ға толған мерейтойын атап өтіп отырмыз.

Жұлдыздар алыстаған сайын анық көрінеді.